

Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидаларын, сондай-ақ Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 сәуірде № 32300 болып тіркелді.

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 4-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

Ә. Тамабек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 13 сәуірдегі
№ 137 бұйрығына
1-қосымша

Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 4-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын одан әрі өткізу құқығынсыз сатып алатын, сондай-ақ ресурс ұстаушылардан дизель отынын өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған жеке немесе заңды тұлға;

2) виртуалды қойма – Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес тауарларды қадағалау тетігінің автоматты режимде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінің модулі;

3) дизель отынын бөлудің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АЖ) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отынының көлемін қалыптастыру және бөлу процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып реттелген жиынтығы;

4) дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік оператор (бұдан әрі – оператор) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге арналған дизель отынын сатып алу, жеткізу, сақтау және жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсететін, өңірлік операторларды айқындау жөніндегі комиссия айқындайтын жеке немесе заңды тұлға;

5) дизель отыны – мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган мұнайды қайта өңдеу жоспарларында, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге жеткізу үшін қажетті көлемде ескеретін мұнай өнімінің жекелеген түрі;

6) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер арасында дизель отынын қалыптастыру және бөлу жөніндегі деректерге бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау тәртібі

1-параграф. Өңірлік операторларды айқындау жөніндегі комиссияның жұмыс тәртібі

3. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жанынан операторларды айқындау үшін өңірлік операторларды айқындау жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия мүшелерінің жалпы саны так санды құрайды, кемінде жеті адам.

4. Ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын ЖАО-ның құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі – Жұмыс органы) Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссия төрағасы және төрағаның орынбасары Комиссия мүшелері қатарынан Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады. Комиссия хатшысы Жұмыс органының қызметкерлері қатарынан айқындалады. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

Комиссия құрамына ЖАО, прокуратура органдарының (келісу бойынша), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының (келісу бойынша), қоғамдық ұйымдардың, "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өңірлік кәсіпкерлер палатасының, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдері кіреді.

6. Комиссия төрағасы отырыстарға төрағалық етеді, оның қызметін жоспарлайды және басқарады, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия төрағасы болмаған кезде, төрағаның функциялары Комиссия төрағасының орынбасарына жүктеледі.

7. Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Комиссия мүшелері дауыс беруге ауыстыру құқығынсыз қатысады.

8. Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, Комиссия отырысын ұйымдастырады.

9. Комиссияның отырысын оның төрағасы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге дизель отынының бөлінген көлемі бар мұнай өңдеу зауыттарына облыстарды бекіту графигін (бұдан әрі – бекіту графигі), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге дизель отынын өткізуге ұсынылатын бағаны (ұсынылатын бағаның/жеткізу шарттарының өзгеруі туралы) бекіту туралы хаттамасын алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде шақырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Комиссияның әрбір отырысы барысында Комиссия отырысының аудио-, бейнежазбасы жүргізіледі. Аудио-, бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен тіркелген комиссия отырысының материалдары ЖАО-ның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Комиссия отырысының залдарында Комиссия отырысының аудио-, бейнежазбасын жүзеге асыру үшін қажетті жабдықты орналастыруға арналған аппараттық үй-жай болады.

12. Комиссия отырысы барысының аудио-, бейнежазбасы үздіксіз жүзеге асырылады.

Комиссия отырысының аудио-, бейнежазбасын рұқсатсыз тоқтата тұруға немесе түзетуге жол берілмейді.

13. Комиссия отырыстарының барысын тіркеуді қамтамасыз ететін аудио-, бейнежазба құралдарын қолдануды ЖАО-ның ақпараттық технологиялар жөніндегі маманы (бұдан әрі – ЖАО-ның АТ жөніндегі маманы) жүзеге асырады.

14. Комиссия отырысы басталар алдында ЖАО-ның АТ жөніндегі маманы Комиссия отырысының барысын тіркеуді қамтамасыз ететін аудио-, бейнежазба құралдарының жұмысқа қабілеттілігін тексереді.

Аудио-, бейнежазба құралдарын пайдалану мүмкін болмаған кезде, ЖАО-ның АТ жөніндегі маманы бұл туралы Комиссия төрағасына баяндайды, ол Комиссия отырысын ауыстырады.

15. Аудио-, бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен тіркелген материалдар ЖАО-да хаттама жасалған сәттен бастап кемінде бір жыл сақталады.

2-параграф. Операторларды анықтау шарттары

16. Заңның 19-бабының 2-тармағында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері қатарынан операторларды іріктеу жүзеге асырылады.

17. Дизель отынын ресурс ұстаушыдан өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімінің әлеуетті операторы мен өндірушісі мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік операторларды айқындауға қатысуға арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім);

2) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отынын сатып алу, жеткізіп беру, сақтау және жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін үстеме бағаның жалпы сомасы көрсетілген баға ұсынысы;

3) кемінде екі жыл Қазақстан Республикасының ішкі нарығында мұнай өнімдерін өткізу тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) дизель отынының қажетті көлемін сатып алу үшін әлеуетті оператордың шотында ақшалай қаражаттың не кредиттік қаражаттың болуы туралы банктен анықтама;

5) әлеуетті операторға қызмет көрсетілетін банктің уәкілетті тұлғаның қолы қойылған және анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытқа созылатын әлеуетті оператордың міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк алдындағы мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы мөрі бар, (бар болса) өтінім берілетін күннің алдындағы бір айдан кейін берілген анықтамасы (егер әлеуетті оператор бірнеше екінші деңгейдегі банктердің клиенті болып табылған жағдайда, мұндай анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады);

6) өтінім берілген күнге дейін күнтізбелік бес күннен кейін берілген салық берешегінің жоқтығын куәландыратын құжат;

7) мұнай өнімдері немесе резервуар базасына тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама не мұнай өнімдері немесе резервуар базасын жалдау шартының көшірмесі;

8) мұнай өнімдері немесе резервуар базасы бойынша ұсынылатын құжаттар (әлеуетті операторда меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде бар):

мұнай өнімдері базасының жай-күйі және техникалық жарактандырылуы туралы ақпарат:

мұнай өнімдері немесе резервуар базасының техникалық паспортының көшірмесі;

цистернасы немесе автоматты құю жүйесі бар автомашина (бензин тасушы) үшін таразының болуы;

"Мұнай өнімдері базаларының өндірістік объектілерін есепке алатын бақылау аспаптарымен жарактандыру қағидалары мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 435 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31279

болып тіркелген) сәйкес мұнай өнімдері базасында есепке алатын бақылау аспаптарының болуын және орнатылуын растайтын құжат;

9) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу кезеңінде демалыс және мереке күндері дизель отынын босату туралы келісім-хат;

10) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде дизель отынын ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге жеткізуге арналған цистернасы бар автомашинаның (бензин тасушы) болуын растайтын құжаттың көшірмесі;

11) мұнай базаларының орналасу схемасы.

12) тауарларға арналған ілеспе жүкқұжатқа сәйкес дизель отынын тасымалдау үшін электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің "Виртуалды қойма" модулін қолдану туралы растау.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі 2), 3), 4), 5), 6), 8), 9), 10), 11) тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсыну ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші ресурс ұстаушыдан дизель отынын сатып алу туралы шешімді өз бетінше қабылдаған кезде талап етілмейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. ЖАО бекіту графигін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және АЖ-да операторларды айқындау туралы хабарландыруды орналастырады.

Хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) орналасқан жері, почталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық почтасының мекенжайы көрсетілген ЖАО-ның атауы;

2) құжаттарды қабылдаудың басталған және аяқталған күні мен уақыты;

3) осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың тізбесі;

4) Комиссия отырысының өткізілетін күні, уақыты және орны.

19. Әлеуетті оператордың бірінші басшысы не уәкілетті тұлға өкілеттігін растайтын тиісті құжаттың негізінде қол қойған өтінім және өтінімге қоса берілетін құжаттар ЖАО-ның кеңсесі арқылы қолма-қол немесе электрондық түрде ЖАО кеңсесінің электрондық мекенжайына ұсынылады.

Өтінім және өтінімге қоса берілетін құжаттар ЖАО кеңсесінде олар келіп түскен күні тіркеу нөмірі мен күнін бере отырып қабылданады және тіркеледі және Жұмыс органына жіберіледі.

Әлеуетті оператор жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

20. Жұмыс органы құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және толықтығы мен осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексереді.

Ұсынылған мәліметтердің толық еместігі және (немесе) құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде, Жұмыс органы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде әлеуетті операторға ұсынылған құжаттардың қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсететін хабарлама жібереді. Хабарлама әлеуетті оператор өтінімде көрсеткен электрондық мекенжайға жіберіледі.

Құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуетті оператор құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтірмеген жағдайда, Жұмыс органы құжаттарды одан әрі қараудан бас тартудың нақты себептерін көрсете отырып, өтінімде көрсетілген әлеуетті оператордың электрондық мекенжайына уәжді бас тартуды жібереді.

21. Осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау мерзімдері аяқталғаннан кейін Жұмыс органы бір жұмыс күні ішінде әлеуетті операторлардың құжаттарын Комиссияның қарауына береді.

22. Жұмыс органынан құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комиссия ұсынылған құжаттар негізінде операторларды іріктеуді жүзеге асырады.

23. Әлеуетті операторларды бағалау нәтижелерін Комиссияның әрбір мүшесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынын жеткізу жөніндегі әлеуетті операторды бағалау парағына (бұдан әрі – бағалау парағы) енгізеді.

Комиссия шешімі бағалау парақтарында қойылған балдар негізінде қабылданады.

Ресурс ұстаушыдан дизель отынын өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші Комиссия хаттамасына оң шешіммен автоматты түрде енгізіледі.

24. Комиссия хатшысы әлеуетті операторлар бойынша бағалау парақтарының қорытынды ұпайларын жинақтайды және жалпы жиынтық ұпайды айқындайды.

Комиссияның оң қорытындысын алу үшін жалпы жиынтық ұпай 27 ықтимал ұпайдың кемінде 19 ұпайын құрайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Талқылау барысы мен Комиссия қабылдаған шешім хаттама түрінде еркін нысанда ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды.

26. Комиссия шешімі қабылданғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ЖАО-ның интернет-ресурсында және АЖ-да Комиссияның хаттамасы орналастырылады.

3-тарау. Операторларды жосықсыз операторлар тізбесіне енгізу шарттары

27. Жұмыс органы операторлардың ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге дизель отынының бекітілген көлемін жеткізу шарттарын сақтауына, сондай-ақ операторлардың Комиссия хаттамасымен бекітілген ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге дизель отынын өткізуге арналған баға ұсынысын сақтауына мониторинг жүргізеді.

Мониторингті Жұмыс органы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілген Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидаларының 23-тармағына сәйкес оператор АЖ веб-порталында орналастырған ақпаратты талдау негізінде апта сайын жүргізеді.

28. Оператор ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге дизель отынының бекітілген көлемін жеткізу шарттарын орындамау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге Комиссияның хаттамасымен бекітілген дизель отынын өткізуге арналған баға ұсынысын сақтамау жағдайлары анықталған кезде Жұмыс органы екі жұмыс күні ішінде осы операторды жосықсыз операторлар тізбесіне енгізу бойынша Комиссия отырысын өткізуге бастамашылық жасайды.

Комиссия отырысы Жұмыс органы жүгінген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Бұл ретте Комиссия отырысы өкілеттігін растайтын тиісті құжат негізінде әрекет ететін оператордың не оның өкілінің қатысуымен өткізіледі.

Комиссия хатшысы Комиссия отырысы өткізілгенге дейін екі жұмыс күні бұрын операторға Комиссия отырысының өтетін орны, күні мен уақыты туралы хабарлама жібереді.

29. Комиссия оператордың қатысуымен ұсынылған құжаттарды жан-жақты және объективті қарайды.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге дизель отынының бекітілген көлемін жеткізу шарттарын орындамауға және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге дизель отынын өткізуге Комиссия хаттамасымен бекітілген баға ұсынысын сақтамауға алып келетін, тиісті құжаттармен расталатын еңсерілмейтін күш мән-жайлары операторды жосықсыз операторлар тізбесіне енгізбеу үшін негіз болып табылады.

Комиссия ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) операторды жосықсыз операторлар тізбесіне енгізу туралы;
- 2) операторды жосықсыз операторлар тізбесіне енгізуден бас тарту туралы.

30. Комиссия шешімінің негізінде Жұмыс органы операторды жосықсыз операторлар тізбесіне енгізеді.

Жосықсыз операторлардың тізбесін жүргізу осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

31. Жұмыс органы жосықсыз операторлардың тізбесін ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және АЖ-да орналастырады.

32. Жосықсыз операторлар тізбесіне енгізілген операторлар Комиссия шешім шығарған күннен бастап жиырма төрт ай ішінде ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындауға қатысуға жіберілмейді.

33. Оператор осы Қағидалардың 32-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін жосықсыз операторлар тізбесінен шығарылады.

34. Оператор жосықсыз операторлар тізбесіне енгізілгеннен кейін Жұмыс органы екі жұмыс күні ішінде ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында және АЖ-да операторды айқындау туралы хабарландыруды орналастырады.

Операторды айқындау осы Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауыл шаруашылығы
жұмыстарына мұнай өнімдерін
бөлудің өңірлік операторларын
айқындау қағидалары
1-қосымша

Нысан

Дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік операторларды айқындауға қатысуға өтінім

1. _____

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
атынан _____

_____ (бірінші басшының не өкілеттігін растайтын тиісті құжаттың негізінде уәкілетті тұлғаның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
атынан дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік операторды айқындау жөніндегі рәсімдерге қатысуға жіберуді сұраймын.

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс), электрондық почта: _____

Жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

жеке сәйкестендіру нөмірі _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон нөмірі (факс), электрондық почта: _____

Жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталуы туралы хабарлама – жеке тұлға үшін:

орналасқан жері _____

хабарлама күні _____

Өтінімге қоса берілетін құжаттардың атауы:

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы

Өтінім берілген күн: 20__ жылғы _____

Ауыл шаруашылығы
жұмыстарына мұнай өнімдерін
бөлудің өңірлік операторларын
айқындау қағидалары
2-қосымша

Нысан

Дизель отынын жеткізу жөніндегі әлеуетті операторларды бағалау парағы

№	Бағалау өлшемшарттары	Көрсеткіштер	Ұпайлар
Заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі			
1	ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отынын сатып алу, жеткізіп беру, сақтау және жеткізу жөніндегі қызметтер үшін үстеме	1 ұпай - максималды баға 2 ұпай - төмендету тәртібімен ұсынылатын бағалар 3 ұпай - төмендету тәртібімен ұсынылатын бағалар	

	бағаның жалпы сомасын көрсетілген баға ұсынысы	4 ұпай - төмендету тәртібімен ұсынылатын бағалар 5 ұпай - ең төменгі баға	
2	кемінде екі жыл Қазақстан Республикасының ішкі нарығында мұнай өнімдерін өткізу тәжірибесінің болуы	1 ұпай - екі жылдан үш жылға дейінгі тиісті тәжірибе 2 ұпай - үш жылдан төрт жылға дейінгі тиісті тәжірибе 3 ұпай - төрт жылдан бес жылға дейінгі тиісті тәжірибе 4 ұпай - бес жылдан алты жылға дейінгі тиісті тәжірибе 5 ұпай - алты немесе одан да көп жылдық тиісті тәжірибе	
3	анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытқа созылатын әлеуетті оператор міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк алдында мерзімі өткен берешектің болмауы	3 ұпай	
4	салық берешегінің болмауы	3 ұпай	
5	меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдері базасының немесе резервуардың болуы; цистернасы бар автомашина (бензовоз) үшін таразының болуы; мұнай өнімдері базасында есепке алатын бақылау аспаптарының болуы	5 ұпай	
6	ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге дизель отынын жеткізу үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде цистернасы бар автомашинаның (бензовоздың) болуы	3 ұпай	

7	тауарлардың ілеспе жүкқұжатына сәйкес дизель отынын тасымалдау үшін электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің "Виртуалды қойма" модулін қолдану	3 ұпай	
---	--	--------	--

Ауыл шаруашылығы
жұмыстарына мұнай өнімдерін
бөлудің өңірлік операторларын
айқындау қағидалары
3-қосымша

Нысан

Жосықсыз операторлардың тізбесі

Жосықсыз оператор туралы ақпарат			Комиссия хаттамасының нөмірі мен күні	Операторды жосықсыз операторлар тізбесіне енгізу үшін негіздеме
атауы	орналасқан жері / заңды мекенжайы	жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі		
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 13 сәуірдегі
№ 137 бұйрығына
2-қосымша

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру және бөлу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.05.2024 № 159 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру және бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 4-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру мен бөлу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) 1 гектарға арналған дизель отыны шығысының нормативі – ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша егістіктің бір гектарын (бұдан әрі – га) егу/жинау үшін қажетті дизель отынының орташа оңтайлы көлемі;

2) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын сатып алатын, сондай-ақ ресурс ұстаушылардан дизель отынын сатып алу туралы дербес шешім қабылдаған жеке немесе заңды тұлға;

3) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіге арналған дизель отынының көлемі – дизель отыны шығысының нормативін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ауыл шаруашылығы дақылдарының мәлімделген егу (жинау) алаңына 1 гектарға көбейту жолымен дизель отынын бөлудің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде есептелетін дизель отынының көлемі;

4) дизель отыны – мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган мұнайды қайта өңдеу жоспарларында, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеткізу үшін қажетті көлемде ескеретін мұнай өнімінің жекелеген түрі;

5) дизель отынын бөлудің мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АЖ) – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынының көлемін қалыптастыру және бөлу процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып реттелген жиынтығы;

6) дизель отынын бөлудің ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер арасында дизель отынын қалыптастыру және бөлу жөніндегі деректерге бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;

7) дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік оператор (бұдан әрі – оператор) – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған дизель отынын сатып алу, жеткізіп беру, сақтау және жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсететін, өңірлік операторларды айқындау жөніндегі комиссия айқындайтын жеке немесе заңды тұлға;

8) танаптың кадастрлық нөмірі – танаптың орналасқан жерін анықтауға (сәйкестендіруге) арналған оның бірегей коды;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу тәртібі

3. Келесі жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынының көлемдерін қалыптастыруға өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру ағымдағы жылдың 25 қарашасынан кешіктірілмей АЖ-да және облыстардың тиісті жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – ЖАО) интернет-ресурсында орналастырылады.

4. Келесі жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге дизель отынының көлемдерін қалыптастыруға ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылғы 1 мен 30 желтоқсан аралығында АЖ-да жүзеге асырылады.

5. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отынының көлемдерін қалыптастыру АЖ-да автоматты түрде жүзеге асырылады.

Жеке кабинет ашу үшін веб-порталда тіркелу кезінде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі;

2) бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса) және тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почта мекенжайы, телефон, электрондық почта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші бір жұмыс күні ішінде веб-порталдағы жеке кабинетке енгізілген дербес шоттың деректерін өзгертеді.

6. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші АЖ-да осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында дизель отынының көлемін алуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) қалыптастырады.

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізуге дизель отынының өткізілмеген көлемдерін алуға өтінімдер беруді қоспағанда, танаптың бір кадастрлық нөмірі бойынша қайта-қайта өтінім жіберуге жол берілмейді.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауыл шаруашылығы кооперативі (бұдан әрі – ауылшаркооперативі) ауылшаркооперативіне өтінім береді.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген бірлескен кәсіпкерлік нысанында ұйымдастырылған шаруа немесе фермер қожалығы шаруа немесе фермер қожалығына өтінім береді.

Бұл ретте дизель отынының көлемін алушы ауылшаркооперативі не шаруа немесе фермер қожалығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өтінім берген жағдайда, жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім берген ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші дизель отынының көлемін алушы болып табылады.

Өтінімнің "қаралуда/бекітілді/бас тартылды" деген мәртебесі веб-порталдағы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

7. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің деректері, сондай-ақ тиісті алаңдағы жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында (оның ішінде ауылшаркооперативінің не шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы АЖ-ның "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен және "Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры" ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде автоматты түрде расталады.

8. Дизель отынының көлемін есептеу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өтінімде танаптың кадастрлық нөмірін және жер учаскенің алаңын, сондай-ақ егілетін/ жиналатын ауыл шаруашылығы дақылының түрін немесе агротехникалық жұмыстың түрін көрсетеді. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемін есептеу АЖ-да 1 га арналған дизель отыны шығысының нормативін ескере отырып, автоматты түрде жүргізіледі.

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отыны шығысының базалық нормативтерін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Ауыл шаруашылығы министрлігі) өңірлердің топырақ-климаттық жағдайларын ескере отырып әзірленген аграрлық бейіндегі ғылыми ұйымдардың ұсынымдарын негізге ала отырып айқындайды және АЖ-да орналастырылады.

9. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіге арналған дизель отынының өтінімі мен көлемін есептеу ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын облыстардың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі – Басқарма) уәкілетті қызметкерінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Басқарма АЖ-да өтінім қалыптастырылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінімге бірегей код бере отырып, дизель отынының алдын ала көлемін бекіту туралы

не дизель отынының алдын ала көлемін бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жібереді.

10. Хабарлама ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде көрсетілген электрондық мекенжайына жіберіледі және веб-порталдағы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

11. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынының көлемдерін есептеу негізінде АЖ-да дизель отынының алдын ала көлемі бар аудандар мен облыстар бөлінісінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің жиынтық тізбесі (бұдан әрі – жиынтық тізбе) қалыптастырылады. Жиынтық тізбе веб-порталда көрсетіледі.

12. Басқарма АЖ-да жиынтық тізбе қалыптастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс бойынша дизель отынының қажеттілігі мен көлемдерін бөлу тізілімін (бұдан әрі – облыс бойынша тізілім) жасайды және оны АЖ арқылы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жібереді.

13. Ауыл шаруашылығы министрлігі облыс бойынша тізілім келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республика бойынша дизель отынының қажеттілігі мен көлемдерін бөлу тізілімін (бұдан әрі – республика бойынша тізілім) жасайды және оны АЖ арқылы мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – Энергетика министрлігі) жібереді.

14. Республика бойынша тізілім негізінде Энергетика министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге дизель отынының көлемі бөлінген облыстарды мұнай өңдеу зауыттарына бекіту графигін (бұдан әрі – график) бекітеді;

Энергетика министрлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге дизель отынын өткізуге ұсынылатын бағаны (ұсынылатын бағаны/жеткізу шарттарын өзгерту туралы) белгілеу туралы хаттаманы (бұдан әрі – хаттама) бекітеді.

15. Ауыл шаруашылығы министрлігі график және хаттама бекітілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оларды веб-порталға орналастырады.

16. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеткізу үшін қажетті көлемде дизель отыны болмаған кезде, әрбір ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемі сұратылған көлемге барабар азайтылған көлемде АЖ-да бөлінеді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының түпкілікті көлемі веб-порталда және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

17. Дизель отынының бөлінген көлемі ЖАО АЖ-ға операторлардың тізбесі және дизель отынын босату жүзеге асырылатын мұнай өнімдерін (мұнай өнімдері базасын) сақтауға арналған олардың сыйымдылықтары орналастырған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дизель отынын тиеп-жөнелтуге ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіден өтінім болмаған кезде жойылады.

Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынының бөлінген көлемін жою туралы хабарлама ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде көрсетілген электрондық мекенжайына жіберіледі және ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетіндегі веб-порталда көрсетіледі.

Дизель отынының жойылған көлемі осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген ауыл шаруашылығы жұмыстарына қайта жіберіледі.

18. ЖАО АЖ-ға операторлардың тізбесін және дизель отынын босату жүзеге асырылатын мұнай өнімдерін (мұнай өнімдері базасын) сақтауға арналған олардың сыйымдылықтарын, сондай-ақ ресурс ұстаушылардан өз бетінше дизель отынын сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің тізбесін орналастырады.

19. Оператор және ресурс ұстаушылардан дизель отынын өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші веб-порталда жеке кабинет ашады.

20. Операторлар үшін бекітілетін дизель отынының көлемі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден оператордың жеке кабинетіне келіп түскен дизель отынын тиеп-жөнелтуге арналған өтінімдер негізінде қалыптастырылады.

Ресурс ұстаушылардан дизель отынын өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін бекітілетін дизель отынының көлемі дизель отынының нақты мәлімделген көлемін негізге ала отырып қалыптастырылады.

21. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші АЖ арқылы операторға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынын тиеп-жөнелтуге өтінім береді.

22. Дизель отыны тиеп-жөнелтілген күні оператор ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің өтінімін ЭЦҚ-мен куәландыру жолымен жеке кабинеті арқылы өтеуді жүзеге асырады.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде көрсетілген электрондық мекенжайына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынын тиеп-жөнелту туралы хабарлама жіберіледі.

23. Ресурс ұстаушылардан дизель отынын өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер апта сайынғы негізде веб-порталда мынадай ақпаратты орналастырады:

- 1) жеткізу шарты бойынша сатып алынған дизель отынының көлемі;
- 2) жарияланған күнге дизель отынының қалған көлемі.

24. Оператор апта сайынғы негізде веб-порталда мынадай ақпаратты орналастырады:

- 1) берілген дизель отыны көлемінің саны;
- 2) жарияланған күнге дизель отынының қолжетімді көлемі.

25. Оператор ЖАО-мен келісу бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге дизель отынының өткізілмеген көлемін мынадай жұмыс түрлеріне өткізуді қамтамасыз етеді:

- 1) егін жинау жұмыстары;
- 2) жемшөп дайындау;
- 3) дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіру;

4) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізу.

Бұл ретте ЖАО АЖ-ға өтінімдерді қабылдау мерзімдерін көрсете отырып, дизель отынының қалдықтарын өткізуге өтінімдерді қабылдау туралы қосымша хабарландыру жариялайды.

26. ЖАО ауыл шаруашылығы және энергетика министрліктеріне дизель отынының өткізілмеген көлемі туралы және осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы жұмыстарына қайта жіберілген дизель отынының көлемі туралы хабарлайды.

27. Дизель отынының қалдықтарын өткізуге өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін ЖАО АЖ-ға операторлардың тізбесін және дизель отынын босату жүзеге асырылатын мұнай өнімдерін (мұнай өнімдері базасын) сақтауға арналған олардың сыйымдылықтарының тізбесін, сондай-ақ дизель отыны қалдықтарының көлемдері туралы деректерді орналастырады.

28. Егін жинау жұмыстарын, жемшөп дайындау және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізуге дизель отынының өткізілмеген көлемін алу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші АЖ-да осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында дизель отынының көлемін алуға арналған өтінімді қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін егін жинау жұмыстарын, жемшөп дайындауды және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізуге дизель отынының көлемін есептеу осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес жүргізіледі.

29. Дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіруді жүргізуге дизель отынының өткізілмеген көлемін алу үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды

негізде (жалға алу/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) астықты сақтау және кептіру жүзеге асырылатын технологиялық немесе кептіру жабдығы бар ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші АЖ-да осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіруді жүргізуге дизель отынының көлемін алуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) қалыптастырады.

Дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіруді жүргізуге дизель отынының көлемін есептеу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өтінімде кептіруге жататын дәнді/майлы дақыл дәнінің атауын; сақтау қуаты мен сақтауға келіп түскен астықтың мөлшерін; бастапқы ылғалдылық пен дәнді/майлы дақылдардың тұқымдары кептірілуі тиіс рұқсат етілген ылғалдылықты көрсетеді.

Дәнді дақылдар тұқымдарының ылғалдылық көрсеткішінің шекті рұқсат етілген төменгі шегі 14%, майлы дақылдар үшін – 8% құрайды. Дәнді дақылдар тұқымдарының бастапқы ылғалдылық көрсеткішінің шекті рұқсат етілген жоғары шегі 32%, майлы дақылдар үшін – 27% құрайды.

Бұл ретте дәнді және майлы дақылдар тұқымдарының нақты рұқсат етілген және бастапқы ылғалдылығын сақтауға келіп түсетін тұқымдардың сапасына қарай ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші айқындайды және рұқсат етілген ылғалдылық көрсеткішінің шекті рұқсат етілген шегінен төмен болмауы және астықтың бастапқы ылғалдылығы көрсеткішінің шекті рұқсат етілген шегінен жоғары болмауы тиіс.

Дәнді және майлы дақылдар тұқымдарының бастапқы ылғалдылық көрсеткішінің шекті жол берілетін жоғары шегін айқындау бойынша осы тармақтың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген талаптар дизель отынының өткізілмеген көлемін бөлгеннен кейін қалған дизель отынының көлемін алуға өтінімдер берілген жағдайда қолданылмайды.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіруді жүргізуге дизель отынының көлемін есептеу дәнді/майлы дақыл астығының бір тоннасын кептіруге дизель отыны шығысының нормативін ескере отырып, АЖ-да автоматты түрде жүргізіледі. Дизель отыны шығысының нормативі (дәнді/майлы дақылдың бір тоннасын кептіру және ылғалдылықты бір процентке төмендету кезінде) 1,40 килограмды құрайды.

30. Егін жинау жұмыстарын, жемшөп дайындау, дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіру, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізуге дизель отынының өткізілмеген көлемін алу үшін дизель отынының өтінімі мен көлемінің есебін Басқарма осы Қағидалардың 9, 10, 11 және 12-тармақтарына сәйкес қарайды.

31. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші егін жинау жұмыстарын, жемшөп дайындау, астық және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіру, көктемгі егіс және

егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізуге дизель отынының өткізілмеген көлемін алу үшін АЖ арқылы операторға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынын тиеп-жөнелтуге арналған өтінім береді.

32. Егін жинау жұмыстарын, жемшөп дайындау, астық және майлы дақылдардың тұқымын кептіру, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізуге дизель отынының өткізілмеген көлемі тиеп-жөнелтілген күні оператор жеке кабинеті арқылы ЭЦҚ-мен куәландыру арқылы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің өтінімін өтеуді жүзеге асырады.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жеке кабинетінде көрсетілген электрондық мекенжайына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отынын тиеп-жөнелту туралы хабарлама жіберіледі.

33. АЖ жұмысы істен шыққан жағдайда ЖАО туындаған жағдай және оларды жою жөніндегі шаралар туралы Ауыл шаруашылығы министрлігін дереу хабардар етеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі ЖАО-дан хабарлама алғаннан кейін АЖ жұмысының бұзылуын жоюға және ЖАО-ның АЖ-ға қол жеткізуін ұсынуға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою жөніндегі жұмыстар жүргізілгеннен кейін Ауыл шаруашылығы министрлігі 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған ЖАО қол қояды.

Көктемгі егіс және егін жинау
жұмыстары кезеңінде ауыл
шаруашылығы өнімдерін
өндірушілер үшін мұнай
өнімдерінің көлемін
қалыптастыру және бөлу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

облысының ауыл шаруашылығы
басқармасы

Дизель отынының көлемін алуға арналған өтінім

1. _____

(заңды немесе жеке тұлғаның атауы)

атынан _____

—

(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

көктемгі егіс / егін жинау жұмыстарын / жемшөп дайындау / көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) (қажетті таңдау) жүргізу үшін _____ (_____) тонна көлемінде дизель отынын бөлуді сұраймын.

2. _____ жылға арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егістіктерінің жалпы алаңы _____ га.

3. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

Жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама – жеке тұлға үшін:

орналасқан жері _____

хабарланған күні _____

4. Ауыл шаруашылығы кооперативінің (шаруа қожалығының) мүшелері туралы мәліметтер ауыл шаруашылығы кооперативінен немесе шаруа қожалығынан (мүшелері бар болса) өтінім берілген жағдайда толтырылады:

№	Ауыл шаруашылығы кооперативі (шаруа қожалығы) мүшесінің атауы	Ауыл шаруашылығы кооперативі (шаруа қожалығы) мүшесінің БСН / ЖСН
---	---	---

5. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық почта операторындағы ағымдағы шотының мәліметтері:

банктің немесе почта операторының деректемелері: _____

банктің немесе почта операторының атауы: _____

банктің сәйкестендіру коды _____

жеке сәйкестендіру коды _____

БСН _____

бенефициар коды _____

6. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемін есептеу

№	А у ы л шаруашылығы дақылының атауы (ауыл шаруашылығы жұмысының түрі)	Танаптың кадастрлық нөмірі және оның алаңы, гектар	1 гектарға арналған (килограмға) дизель отыны шығысының нормасы	А у ы л шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемі (тонна, килограмм)
1	2	3	4	5

Жергілікті атқарушы орган дизель отынын бөлудің мемлекеттік ақпараттық жүйесінде операторлар тізбесін және дизель отынын босату жүзеге асырылатын мұнай өнімдерін (мұнай өнімдері базасын) сақтауға арналған олардың сыйымдылықтарын орналастырған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дизель отынын тиеп-жөнелтуге ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіден өтінім болмаған кезде дизель отынының бөлінген көлемі жойылатыны хабарланды.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Көктемгі егіс / егін жинау жұмыстарын / жемшөп дайындау / көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды себу, қар ұстау) жүргізуге сатып алынған дизель отыны көлемдерінің пайдаланылуын қамтамасыз ететінімді растаймын.

Өтініш беруші 20__ жылғы "____" _____ сағат _____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ-ға қол қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Өтінім 20__ жылғы "____" _____ сағат _____ карауға қабылданды:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ-ға қол қою күні мен уақыты

Көктемгі егіс және егін жинау
жұмыстары кезеңінде ауыл
шаруашылығы өнімдерін
өндірушілер үшін мұнай
өнімдерінің көлемін
қалыптастыру және бөлу
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Хабарлама

Құрметті _____

(занды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Сізге _____ жылғы " ____ " _____ берілген № _____ өтінімге сәйкес _____
_____ тонна көлемінде дизель отынын бөлу/бас тарту туралы Басқарманың шешімі
туралы хабарлаймыз.

Бас тарту себебі: _____

Сұрақтар туындаған жағдайда _____
_____ хабарласуыңызды сұраймыз.

(Басқарма)

Орындаушы: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Байланыс телефондары: _____

Көктемгі егіс және егін жинау
жұмыстары кезеңінде ауыл
шаруашылығы өнімдерін
өндірушілер үшін мұнай
өнімдерінің көлемін
калыптастыру және бөлу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Облыс бойынша дизель отынының қажеттілігі мен көлемдерін бөлу тізілімі ____ жыл

Р/с №	Аудар- дың атауы	Көктем- гі егіс немес е егін жинау жұмыс- тары (қажет- тісін таңдау)	Айлар (қажеттісін таңдау)											
			қаңта- р	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Барлығы:														

Көктемгі егіс және егін жинау
жұмыстары кезеңінде ауыл
шаруашылығы өнімдерін
өндірушілер үшін мұнай
өнімдерінің көлемін
калыптастыру және бөлу

Нысан

Республика бойынша дизель отынының қажеттілігі мен көлемдерін бөлу тізілімі

Р/с №	Облыстардың атауы	Көктемгі егіс немесе егін жинау жұмыстары (қажеттісін таңдау)	Айлар (қажеттісін таңдау)											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Барлығы:														

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Дизель отынының бөлінген көлемін жою туралы хабарлама

Құрметті _____
(занды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
Сізге 20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ өтінімге сәйкес _____ тонна көлемінде дизель отынының бөлінген көлемін жою туралы Басқарманың шешімі туралы хабарлаймыз.
Уәкілетті тұлға: _____
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)
Байланыс телефондары: _____

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін

Нысан

_____ облысының
дизель отынын жеткізу
жөніндегі өңірлік операторға

(оператордың атауы)

Дизель отынын тиеп-жөнелтуге арналған өтінім

1. _____

(заңды немесе жеке тұлғаның атауы)

атынан _____

(басшының лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

_____ (_____) тонна көлемінде көктемгі егіс/егін
жинау жұмыстарын /жемшөп дайындау /дәнді және майлы дақылдардың тұқымын
кептіру / көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігер
жерлерді жырту, егістерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды
себу, қар ұстау) (қажетті таңдау) жүргізуге дизель отынын тиеп-жөнелтуді сұраймын.

2. Дизель отынын тиеп-жөнелту орны – _____.

3. Дизель отынын тиеп-жөнелту күні мен уақыты – 20 ____ жылғы " ____ " _____
____ сағат _____.

Өтінімге ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші 20 ____ жылғы " ____ " _____
сағат _____ қол қойып, жіберді:

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің электрондық цифрлық қолтаңбасынан (
бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер;

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-мен қол қою күні мен уақыты.

4. Өтінімді өтеу мәртебесі:

дизель отынының нақты тиеп-жөнелтілген күні – 20 ____ жылғы " ____ " _____;

дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік оператордың ЭЦҚ деректері;

дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік оператордың ЭЦҚ-мен қол қою күні мен
уақыты.

Көктемгі егіс және егін жинау
жұмыстары кезеңінде ауыл
шаруашылығы өнімдерін
өндірушілер үшін мұнай
өнімдерінің көлемін
қалыптастыру және бөлу
қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Дизель отынын тиеп-жөнелту туралы хабарлама

Құрметті _____

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Сізге _____ жылғы " _____ " _____ берген № _____ өтініміңізге сәйкес _____ (_____) тонна көлемінде дизель отынының тиеп-жөнелтілгені туралы хабарлаймыз.

Дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік оператордың электрондық цифрлық қолтаңбасынан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер;

Дизель отынын жеткізу жөніндегі өңірлік оператордың ЭЦҚ-сын қою күні мен уақыты.

Көктемгі егіс және егін жинау
жұмыстары кезеңінде ауыл
шаруашылығы өнімдерін
өндірушілер үшін мұнай
өнімдерінің көлемін
қалыптастыру және бөлу
қағидаларына
8-қосымша

Нысан

_____ облысының
ауыл шаруашылығы басқармасы

Дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіруді жүргізуге дизель отынының көлемін алуға арналған өтінім

1. _____

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
атынан _____

— _____
(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
дәнді және майлы дақылдардың тұқымын кептіруді жүргізу үшін _____ (_____)
_____ тонн көлемінде дизель отынын бөлуді сұраймын.

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

Жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама – жеке тұлға үшін:

орналасқан жері _____

хабарланған күні _____

3. Ауыл шаруашылығы кооперативінің (шаруа қожалығының) мүшелері туралы мәліметтер ауыл шаруашылығы кооперативінен немесе шаруа қожалығынан (мүшелері бар болса) берілген жағдайда өтінім толтырылады:

№	Ауыл шаруашылығы кооперативі (шаруа қожалығы) мүшесінің атауы	Ауыл шаруашылығы кооперативі (шаруа қожалығы) мүшесінің БСН /ЖСН
---	---	--

4. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық почта операторындағы ағымдағы шотының мәліметтері:

банктің немесе почта операторының деректемелері: _____

банктің немесе почта операторының атауы: _____

банктің сәйкестендіру коды _____

жеке сәйкестендіру коды _____

БСН _____

бенефициар коды _____

5. Технологиялық немесе кептіру жабдығының бар-жоғы туралы мәліметтер:

Меншік иесі		
Жабдықтың атауы	Өлшем бірлігі	Бар-жоғы туралы мәліметтер
астық кептіру жабдығы	дана/сағатына тонна	
астық сақтауға арналған ыдыстар	мың тонна	
астық тазалайтын машиналар	дана	
белсенді желдету жабдықтары	дана	
жылжымалы көлік жабдықтары	дана	
көтергіш-көлік жабдығы	дана	
сақтау кезінде астықтың температурасы мен ылғалдылығын бақылауға арналған жабдық	жиынтықтар	
таразы жабдығы (белгіленген тәртіппен тексерілген)	дана	
тиеу-түсіру құрылғылары	дана	

6. Дәнді және майлы дақылдардың тұқымдарын кептіруді жүргізуге өтініш беруші үшін дизель отынының көлемін есептеу

--	--	--	--	--	--	--

№	Дақылдың атауы	Сақтау қуаты, тонна	Сақтауға келіп түсті, тонна	Ылғалдылық, %		Дизель отынының шығыс нормасы 1 тоннаға-процент, килограмм	Тұқымдарды кептіруді жүргізуге өтініш беруші үшін дизель отынының көлемі (тонна, килограмм)
				бастапқы	дейін рұқсат етілген		
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Дәнді дақылдар					1,40	
2	Майлы дақылдар					1,40	

Жергілікті атқарушы орган дизель отынын бөлудің мемлекеттік ақпараттық жүйесінде операторлар тізбесін және дизель отынын босату жүзеге асырылатын мұнай өнімдерін (мұнай өнімдері базасын) сақтауға арналған олардың сыйымдылықтары орналастырған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дизель отынын тиіп-жөнелтуге ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіден өтінім болмаған кезде дизель отынының бөлінген көлемі жойылатыны хабарланды.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші 20__ жылғы "____" _____ сағат _____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ-ға қол қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Өтінім 20__ жылғы "____" _____ сағат _____ карауға қабылданды:

ЭЦҚ деректері

ЭЦҚ-ға қол қою күні мен уақыты